

САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының миссиясы - болашақ қазақстандықтардың табысты болу мүмкіндіктерінің негізін мектепке дейінгі білім беру жасынан бастап қалау.

Стратегиялық мақсаты - мектепке дейінгі білім беру мектепке дайындық кезеңі емес, адам өмірінің ең құнды кезеңі болатын жаңа форматтағы балабақша.

Кәсіпорынның пайымдауы – балаларды дамыту мен оқытудың заманауи қызметтерін көрсететін Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі білім беру саласындағы көшбасшы.

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы білім берудің сапасы деп барлық білім беру процестеріне қатысушылардың нормалары, талаптары, стандарттары және қажеттіліктері негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі базалық білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінің көрсеткіші деп түсінеміз.

ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балабақшасы» ШЖҚ РМК сапа саласындағы саясаты:

1. ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балабақшасы» ШЖҚ РМК балалардың мектепке дейінгі даярлығы мен білім беру жүйесінде ұсынатын білім беру қызметтері ретінде тұтынушылар мен мүдделі тараптардың қанағаттану дәрежесін арттыру.

2. Қазақстандық және халықаралық білім беру жүйесінде болып жатқан инновациялық процестер және заманауи білім беру технологияларын пайдалану негізінде білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету.

3. Жетекші шетелдік және отандық білім беру ұйымдарымен тәжірибе және озық технологиялар алмасудың Құзырет орталығы ретінде ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балабақшасы» ШЖҚ РМК беделін арттыру.

4. Оқытуда тұлғаға бағытталған тәсілді енгізу, мектепке дейінгі білім беру практикасында тәжірибе трансферті.

5. Біліктілікті арттыру шеңберінде елдің жетекші педагогикалық ЖОО-мен өзара іс-қимыл жасау.

6. Мектепке дейінгі білім беру сапасы мәселелеріндегі мақсаттар мен қызмет бағыттарының бірлігін қамтамасыз ету.

7. Еңбекті бағалау жүйесін құру және іске асыру арқылы персоналдың жоғары біліктілігі мен уәждемесін қамтамасыз ету.

8. ISO 9001 сериясының халықаралық стандарттары негізінде сапа менеджменті жүйесін тұрақты және мақсатты жетілдіру.

9. Білім беру процесіне қатысушылардың нәтижелі және шығармашылық қызметі үшін қолайлы климат пен қажетті жағдайлар жасау, сондай-ақ талантты балаларды қолдау.

Жоғары басшылық осы саясатты іске асыруда, сапа менеджменті жүйесін қолдауда және үнемі жетілдіруде жетекші рөл атқарады.

Тәрбие-білім беру процесінің жоғары сапасы жоғары білікті персоналдың болуымен, сондай-ақ:

- әрбір тәрбиеленушінің әлеуетін және жеке ерекшеліктерін ашумен, педагогтердің өзін-өзі дамытуымен және білім беру процесіне ата-аналардың қатысуына жағдай жасаумен;

- баланың жеке, бірегей, қайталанбас бейнесін қалыптастырумен (өзінде де, айналасындағыларда да);

- заманауи технологиялар мен әдістемелерді тұрақты игеру және оларды балабақшаның тыныс-тіршілігіне енгізу арқылы «Қарлығаш» балабақшасындағы білім беру кеңістігінің инновациялығымен;

- білім беру қызметтерін ұсынудың жаңа нысандарын енгізу арқылы мектепке дейінгі білім беру нысандарының вариативтілігімен («Е-Qarlygash» электрондық бақшасы, «Ақылды балабақша», коммерциялық топтар және т. б.);

- педагогикалық практиканы өзгертумен және жетілдірумен, Медициналық орталықтың, мемлекеттің, қоғам мен отбасының мемлекеттік тапсырысына сәйкестікпен;

- үздіксіз білім алумен және әр түрлі нысанда үздіксіз біліктілікті арттыру арқылы кәсіби білім мен іскерлікті жетік меңгерумен;

- серіктестерді үнемі іздеу арқылы өзара тиімді кәсіби байланыстар орнатумен қамтамасыз етіледі.

ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балабақшасы» ШЖҚ РМҚ басшылығы Сапа саласындағы саясатта мәлімделген талаптарды ұстануға және қызметкерлердің Сапа саласындағы мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі барлық бастамаларына қолдау көрсетуге, Сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін тұрақты арттыруға және жақсартуға міндетті.

СМЖ, мониторинг және қызмет сапасын бағалау жөніндегі мама



Абдукаримова А.К.